

Біз, авторлар, алғашқы тырнақалды еңбегімізді ағартушы, ғалым, публицист, Алаш партиясының беделді өкілі, тіл білімі мен қазақ терминологиясының негізін қалаушы «ұлт ұстазы» А. Байтұрсынов сынды данагөй бабамыздың рухына арнадық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынұлы А. Орынбор әм 10 пеурал // Қазақ №1 10.02. 1914.
2. Күдерінова К. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Алматы, 2013. -194б
3. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. –Алматы: Ғылым, 1999. -568б
4. Имаханбетова Р. Ғасыр саңылағы: А. Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. Астана, 2010. -304б

ӘОЖ 949574 (075.8)

<https://doi.org/10.53355/q5483-6073-7430-p>

АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ

Берлібаев Б.Т., т.ғ.д., профессор

Ғ.Дәукеев атындағы АЭЖБУ-дағы Әлеуметтік пәндер кафедрасы, Алматы қ.

E-mail: b.berlibayev@aues.kz

Автор, өзінің мақаласында Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін дамытудағы оқыту әдістемесін негіздеуші ретіндегі, қазақ мектебі тарихында тұңғыш рет білім беру ісіндегі әліппені қолдануды дәлелдеудегі және қазақ тілін әрлей отырып, оны тұрмыста қолданудағы арап харпін пайдаланудың қазақ халқының сауатын ашудағы маңызына арқа сүйеген Абайдың қазақ тілін қазақ қоғамына тән етіп, одан әрі дамытудағы рөлін түсінудегі, сондай-ақ сол арап жазуының өзіндік орнына көңіл бөлудегі тарихи шынайы ерекшелігіне үлкен ыждағаттылықпен қарағанын дәлелдеуге ұмтылған.

Ахмет Байтұрсынов Қазақстанның даму болашағы үшін қазақ тілін сақтау мен дамытуға шақырса, бұл бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселенің бірі болып отыр.

Тірек сөздер: қазақ тілі, тарихи білім, Алаш, жеті ата, ауыл, «қаралы қаңтар», қала ауласы, болашақ.

Автор в своей статье убедительно доказывает, что Ахмет Байтұрсынов - основоположник методики преподавания казахского языка, впервые на практике казахской школы, применивший буквенный метод обучения грамоте, в свое время акцентировал внимание на важность развития казахского языка, при этом отмечал, что успешность развития казахского языка возможно при опоре на арабский алфавит, для большей убедительности он показывает роль Абая в развитии казахского языка, который писал свои произведения на арабском языке.

Ахмет Байтұрсынов призывал сохранить и развить казахский язык, его идея очень злободневна в период развития современного суверенного казахстанского общества.

Ключевые слова: казахский язык, историческое образование, семь предков, «кровавый январь», городской двор, будущее.

Akhmet Baitursynov and the future of the Kazakh language. The author of his article convincingly proves that Akhmet Baitursynov, the founder of the methodology of teaching the Kazakh language, who for the first time in the practice of the Kazakh school applied the letter method of teaching literacy, at one time focused on the importance of the development of the Kazakh language, while noting that the success of the development of the Kazakh language is possible with based on the Arabic alphabet, for greater persuasiveness, he shows the role of Abai in the development of the Kazakh language, who wrote his works in Arabic.

Akhmet Baitursynov called for the preservation and development of the Kazakh language, his idea is very topical in the period of development of modern sovereign Kazakh society.

Key words: *Kazakh language, historical education, seven ancestors, "bloody January", city courtyard, future.*

Биылғы 2022 жылдың 14-ші қарашасындағы «Жас АЛАШ» газетінде жарық көрген «Қор болған тіл...» деген мақаланы оқығанда осы жылы болған Жамбыл облысы өңірінің Байұзақ елді мекеніндегі қару-жарақ қоймасындағы жарылыстан мың есе асып түсетін мәселені байқадым. Сондағы Байұзақ жарылысы ай мен күннің аманында өз қолымыздағы қаруға өзіміз ие бола алмауды көрсетсе, мына бір газеттегі қазақ тіліне байланысты мәселе, қазақты мылқау болуға итермелейтіндей әсер етті. Негізі біз, қазақ тілі және осы тілдің болашағы дегенде, алаштың аса көрнекті тілге жанашыр тұлғасы Ахмет Байтұрсыновтан аттап кете алмаймыз. Әрине, 1905-1938 жж. алаш зиялыларының қайсысы болса да өзінің ұлттық тілінен жеріген емес. Олар сол бір қиюы қашқан замандағы өз еңбектерін көбінесе қазақ тілінде жазып, журналдарына «Ақ жол», «Айқап», мақалаларына «Маса», «Оян қазақ» деп ат қойып, қазақ халқына ой салса, қазақтың хат танымайтын басым бөлігі жаңағы еңбектердегі жаңалықтармен хат танитындар арқылы оқып-біліп, қоғамда болып жатқан жалпы өзгерістермен қанық боліп отырды. Егер осының бәрі қағазға түсірудің жұмбағына байланысты болса, бұл жұмбақтың шешімін біздің елімізге енген араб харпінің тарихын білуден бастауға тура келеді.

VIII ғ. ортасындағы Қазақстанға миссионерлік мақсатпен келген арабтар мұсылмандық мәдениеттегі жазбаша әдебиеттің үлгісін де де ала келген еді. Бұның өзі IX-XII ғғ. Қазақстан туралы араб тілдес әдебиеттердегі ақпараттық деңгейінің өзге шетелдік жазбаша қайнар көздерінен айтарлықтай артықшылығын айшықтаған болатын.

Бұл жөнінде ҚҰҒА академигі Б.Е. Көмеков былай деп зерделі тұжырым жасаған: «Дәл осы кезеңде (IX-X ғғ.) араб тілінде жазылған ескерткіштерде кимектер, қарлұқтар, оғыздар, қыпшақтар сияқты Қазақстанның түрік тайпалары жөніндегі көлемді мағлұматтылығымен және салыстырмалы жоғары нақтылы жаңалықтарымен ерекшеленетін мәліметтер жинағы пайда болған. Түрік тайпалары қолданған тілдердің генетикалық туыстығы және тайпалардың өздерінің генетикалық туыстығы жөніндегі жалпы түсініктер дүниеге келді» [1]. Егер біз, дәл сол кезеңдерде қазақ даласында өмір сүрген Әл-Фараби, XI ғасырда ғылыми-тарихи білім әлеміне көтерілген Жүсіп Баласағұн мен Махмұт Қашқарилер мен бұлардан кейінгі Қожа Ахмет Яссауи сияқты ғылым шайырлары бастап, Орта Азия мен Қазақстанда өмір сүрген дара тұлғаларды еске түсірсек, түрік тайпалары қолданған тілдердің генетикалық туыстығы және сол тайпалардың өздерінің генетикалық туыстығы жөніндегі жалпы түсініктерді осы ойшылдар мен ғұлама ғалымдардың жазған еңбектерінен көптеп кездестіреміз. Мысалы, Махмұт Қашқари өзінің «Түрік дидактикасының сөздігі» еңбегінде «Тіліңді жағымсыз сөздерден қорғап, мейірімді сөйлеуге ұмтыл!» десе [2], ғалымның қоғамдағы тілдің рөліне басыңқы мән бергені байқалады. Ал сырттан келген арабтар туралы қалай айтсақ та, олар өздерінің келген мақсатына сәйкес негізінен рухани өмірдегі ислам дінінің рөліне мән беріп, түріктердің географиясы мен саяси өміріне ғана қызыққан деген ұйғарым жасауға болады. Бірақ, Әл-Фарабиден бастау алатын түрік ойшылдары мен ғұлама ғалымдардың жазған еңбектері араб харпімен қағазға түсіп, бұл үрдіс бірнеше ғасыр бойы түрік тілі астарының тігісін өзгертпеген күйі ұлы ақынымыз Абайға жалғасып, алаш зиялыларына дейін жетсе, онда тарихтағы қазақ тілінің дамуында араб жазуының орасан зор ықпалының болғанын байқаймыз. Осыған байланысты қазақтың орта ғасырлық ғұлама ойшылдардың осынау сөз құдіретіне берген бағасына тәнті болған Ахмет Байтұрсыновтың былай дейтіні бар: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек» [3].

Міне, алаш зиялыларының ішінде еліміздегі ағарту ісі мен мәдениетке ерекше көңіл бөле білген Ахмет Байтұрсыновтың араб жазуын пайдаланған қазақ тіліне деген жанашырлығы осылай басталған деуге болады. Оның араб харпімен жазылған қазақ тіліндегі «Қазақтың бас ақыны» дейтін еңбегінде Абайды қазақ даласында бұрын-соңды болмаған ақын ретінде көрсетсе [4], Абай баса-бастан өзінің қазақ тіліндегі еңбектерінің негізін араб харпімен қағазға түсірген ұлы адам болып шығады. Бабалары өз кезегінде араб болып келіп, әкесі Омархан қазақ даласында қожа атанған Мұхтар Әуезов Абайдың сол бір даналық қасиетіне бой алдыру арқылы жалпы қазақ халқының ділдік ерекшелігін астарлап көрсетуде «Абай жолының» бірнеше томын жазып, ұлы ақынның арап харпі ақылы қазақ тілінің болашағына да қамқор бола білу жағын көрсетуді өзінің алдына басты мақсат етіп қоя білген.

Өз кезегінде бүгінгі тәуелсіз елдің заңғар тарихшысы атанған Талас Омарбеков: «Ғасырлар бойы қазақ халқының рухани дамуының басты негізі болып келген араб харпіне жөнсіз «қара күйе жағу» әйгілі Алаш қозғалысына қатысушы қазақ зиялыларының табанды қарсылығын туғызды. Әсіресе, бұл істе Ахмет Байтұрсынов ерекше белсенділік танытты. Бірақ, Голощекин басқарған ресми үкімет мұндай шешімдерді аяусыз сынға алып, қазақ зиялыларын үздіксіз қудалады [5]. Соның өзінде ресми мәлімет бойынша 1928 жылы қазақ тілінде 22 оқулық атауы (жалпы данасы 732000) бар болатын. Бірақ бұлар негізінен араб тілінде болғандықтан жаңа әріпке сәйкес келетін жаңа оқулықтар дайындау қажет болды [6].

Қазіргі күні Әл-Фарабиден бастап Ахмет Байтұрсыновқа, тіпті кешегі Мұхтар Әуезовқа дейінгі арап харпімен қазақ тілінің болашағына қамқор болған алып тұлғалы адамдар жоқ. Бірақ кириллицалық ықпалдағы қазақ тілінде жазылып, өмірдің барлық жағын қамтитын еңбектер, бүгінде ұшан-теңіз. Соған қарамастан бүгінгі қоғамдағы қазақ тілінің тағдыры аянышты күй кеше бастады. Ал оның өзіндік тарихы бар.

Бүгінде «Қазақ тілі қор болды», «Қазақ, қазақпен қазақша сөйлесін!», «Билік орысша, халқының негізгі дені қазақ», «Қазақша білмейтін төртінші жүз», «Мәңгірттер» мен «мәмбеттер» т.б. теңеу сөздердің бәрі қазақ тілінің болашағына алаңдаудан туындап отырғаны жасырын емес. Осы арада қазақ тілінің аянышты тағдыры дегенде оның бастапқы бұзылуының тарихын қозғауға тура келеді.

Бұрынғы патшалы Ресейдің алдымен қара, соңынан сары шекпен киіп келген отарлаушылары: «Сендер қазақтар, ауыл өмірінен аттап шаға алмай қалған жабайы халықсыңдар, қой сияқты күндіз жайылып, түнде күйсегендеріңе мәз болып жүрген малдан айырмашылықтарың жоқ бейшара, надансыңдар» деп ашық айтатын. Бұнымен қоймай, Ресейдің А. Левшин сияқты тарихшыларының өзі: «Сендер қазақтар, «жылқы мінездіміз» дегенді мақтан тұтып, сол жылқының үстінде ары-бері жортқанды ғана білетін, белдеріңе қайқы қылыш байлап, мойындарыңа садақ асынған қарулы қарақшысыңдар». Ал «Сендердің «Жеті атасын білмеген жетесіз!» деп жүргендерің нағыз рушылдық» деп, алғашқы отарлаушылар қазақты ауызша тарих айту дәстүрінен айыруды ойлап, қазақша сөйлейтін сүттей ұйып тұрған қазақ ауылын қожыратуға тырысқан еді. Бірақ орыстық отарлаудың осы бірінші кезеңіндегі басқыншылар, еліміздегі жердің үстіңгі және астыңғы байлығына ие болғанмен, көзге көріне қоймайтын «жеті ата», «жігіттің үш жұрты» сияқты қазақтың ділдік қасиеттері мен оның басқа да рухани байлығының іргесін сөге алған жоқ болатын. Тіпті қазақ, сол «жеті атасын» айтып жүріп-ақ кеңестік билікке дейін өзінің тарихын жадында сақтап қала алды.

Бәрі кеңестік отарлау кезінде бүліне бастады. Бұл кезең Қазақ Елінің неше түрлі төңкерістер мен қиян кескі соғыстарды басынан өткізіп, әбден титықтаған уақыт еді. Бір жағынан отарлық езгі, екінші жағынан жаңағы сұрапыл оқиғалар қазақ халқын тіптен тұралатып тастаған болатын. Әсіресе, азаматтық соғыс кезіндегі біздің территориямызда құрылған бірнеше майдандардың ауыртпалығын көрген қазақ ауылдары «ақтар» мен «қызылдардың» талауына түсіп, шын мәніндегі өзінің ежелден қалыптасқан елге ұйытқы болу рөлін жоғалтып алған еді. Бұл кезде қазақ тіліне жетік батыр мен би де мырза мен қожа да, шешен мен шежіреші де елге қорған бола алмай, әркім өзінің қарақан басының қамымен

әлекке түсті. Тіпті, оларды «ақ» немесе «қызыл» деп аталатын билік жағындағылардан елпескерген ешкім болмады. Сөйтіп, олардың қазақ ішіндегі бұрынғы беделдері мүлде ескерілген жоқ. Ал кеше ғана бүкіл қазақ мүддесін ойлаған алаш зиялылары болса, сол азамат соғысы жылдары уақытша өкімет жағына қарай сырғып, дүйім халықты шатастырғаны тағы да шындық. Тек, кеңестік төңкерістің сәл алдындағы 1916жылы болған ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Жетісу жеріндегі әлді-ауқатты қариялардың бастауымен мұздай қаруланған ақ патшаның әскеріне қарсы емеурін көрсетілгенмен, оның соңы Жетісу жеріндегі көп қазақтардың Қытай асуымен аяқталған болатын. Бірақ бұл жерде де қара қылды қақ жаратын қазақ тілі мен оны жеріне жеткізе қолданатын шешендердің тірлігі іске аспай қалды...

Ресейлік патша заманының кесапатын осы жерден қоя тұрып, алға қарай жылжысақ, азаматтық соғыстан кейінгі қазақ жерін отарлау тарихының екінші кезеңінде еліміздің шығысынан тездетіп шикізат өндіруді мақсат еткен «25 мыңшылар» дегендер келе бастады. Өнеркәсіптің барлық тұтқалы буындарына «тәжірибелі жұмысшы», нақтысы «революционер жұмысшы» атауымен орналасқан сол бір словян тектестердің **«кержак»** бөлігі, келесі кезекте қазақы **ауыл өмірінің дәстүрлі рухын** шайқалтып, оның бүгінгі мүшкіл халіне жетуіне бірінші болып түрен салған еді. Яғни, жаратылысынан үміттайымдау болып келетін олармен аралас тұрып, бірге жұмыс істеудің кесірінен «жұмысшы ақылшыларының» дегеніне бола Шығыс Қазақстандағы қазақ ауылдарында молда оқуына тиым салынып, орыс тіліндегі мектептерінің қатары көбейе бастаған тұста, қазақ тілі алғашқы алашұбарлануды басынан өткізіп, қазақ балалары мәңгірттенуге қарай қадам басқан болатын.

Екінші жаһандық соғыстың ар жақ бер жағындағы отарлаудың үшінші кезеңінде «еріксіз» және «күштеп» қоныс ауып келгендердің кесірінен «қонақжай» дегенге мәз болған қазақ ауылдары, өзінің жарты байлығынан айрылып, солармен орысша сөйлесе жүріп бөлісуден барып өмір сүру тауқыметімен бірге, қазақ тілінің де желге ұша бастағанын білмей қалды. (Бұл қоныс ауып келгендердің көбі Сталин мен мемлекетке ренжіп келгеннен кейін өз ұрпағын: «Өз күніңді өзін көр!» деген сорақы ақылмен тәрбиеленгендер болатын).

Ал «Қазақстан-халықтар достығының лабораториясы» деген даңғаза ұранды бетке ұстап, «Бос жатқан жерді игеру» дақпыртының есебінен болған Хрущевтың «жылмығы» кезіндегі төртінші кеңестік отарлау барысында тек қана дәстүрлі мал шаруашылығына нұқсан келмеді. Ең негізгісі, халықтың рухы түсіп, жүні жығылды; тілі бүлініп, осы уақытқа дейін берілмей келген «жеті атаны» айту сияқты тарихы тапталды. Дәл осы аралықта, яғни кеңестік биліктегілер «жеті атаны» айтуды ұлтшылдыққа жатқызған тұста, қазақтың ауызша тарих айту дәстүрінің іргесі сөгіліп, қаймағы бұзыла бастады. Ол енді «рушылдықпен» бірге «ұлтшылдыққа» жатқызылды. Тіпті ол туралы айтқан қазақтар, бірден тиісті жазасын алып та жатты. (Әдеттегі Алаш зиялылары ғана емес). Сөйтіп, ұлы бабалардың рухының арқасында бүкіл қазақтың ғасырлар бойы сақтап келген тарихты жатқа айту сияқты жадына (зердесіне) бұрын сонды болмаған нұқсан келтірілгеннен кейін, аралас қоныстанудан қазақ тілінің болашағына да неше түрлі тосқауылдар қойыла берді...

Көріп отырғанымыздай, негізгі геноцит тура сол бабалардың зердесімен орныққан ұлттық жадымызға тұсау салудан басталған болатын; кеңес жылдарында әкесі баласына жеті атасының кім болғанын айтып бере алмады; баланың бұл жөнінде сұрауына тим салынды; әкесі баласына тек жеті атаның аттарын ғана айтуға құқылы болды; ал бабаларының кім болғанын, олардың халық арасындағы беделінен мақұрым қалған бала болса, жеті атаның есімдерін санауға да бәлендей ынтасы болған жоқ; мектеп балалары қазақ тарихын оқудан шінтетілді. Олардың қолдарында белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың редакциялығымен басылған қысқаша қазақ тарихы оқулығы болса да, онда қазақ ділін ашып беретін жеті ата мәселесі тұрмақ, тарихымызға көрсетілген неше түрлі қысымшылықтарға байланысты бүкіл қазақ тарихына жеткілікті көңіл бөлінбеді. Бөліне қалған жағдайда ол ашық айтылмады, айтылса оқытылмады; Осы арадағы қазақ тілі болса, ол тек қазақ ауылдарындағы от басы ошақ қасындағы тілге ығыстырылды. Бүкіл

республика бойынша бір-сараң қалалардағы педагогикалық оқу орындарында ғана орыс бөлімдерімен қатар оқытылатын қазақ бөлімдері жұмыс істеп, онда көбінде қазақ ауылдарынан келген балалар оқып білім алды. Ауыл балаларының тағы бір көп бөлігі ауыл шаруашылық және мал дәрігерлік арнаулы және жоғары оқу орындарында маманданып, бұлар сол оқу орындарын бітіргеннен кейін бәрібір сол ауыл маңайынан ұзап кете алған жоқ. Біртіндеп, бұрынғы ауызша тарих айту дәстүрінен мүлде қол үзіп, қазақ тілінің әлемдік қолданыс аясына нұқсан келтірілген тұстағы мектепте өзінің төл тарихын оқымаған бала, 70 жыл бойы кеңес мектепінде үстем болған КСРО тарихын өз тарихым деп деп біліп, патшалар мен поптардың, княздар мен орыс әскербасыларының және солардың әскери жетістіктерін ғана жан-жақты оқып-үйренді; «Күн көсем» В.И. Ленинді пайғамбар сияқты көріп, оның құрған партиясының бағдарламасын құран кітабындай сезінді; барынша бұрмалап оқытудың салдарынан түркі тілдес қазақ балалары түрік мәселесін түрпідей қабылдауға міндеттелді. Бітпейтін орыс-түрік соғыстарының тарихын оқыту арқылы Еуропаның кіндігіне орналасқан қазіргі Анадол аңіріндегі Түрік Елін бәрімізге бірінші жау етіп көрсетті. Олардың жетістігін бізге білдірмей жасырып, бауырлас елді ата жұрттан бездіруге тырысты. Керек десеңіз, Алтай мен бүкіл Орта Азиядағы түркі тілдестердің басын қояп бастап келіп, жарты әлемге билік жүргізген Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарын нағыз қарақшы, барып тұрған жаулаушы баскесер тұрғысынан көрсетіп, тарихқа барынша қиянат жасалды. Өйткені идеологиялық машинаға сүйенген КСРО-ның империялық пиғылдағы басшыларына тура осы мәселе ауадай қажет болды. Олардың басты мақсаты әлемдегі түркі тілдес халықтардың ынтымағын бір-бірінен қалайда ажыратып, біріктірмеу еді. Олар болса, бүкіл XX-шы ғасыр бойы осы балансты ұстап тұра алды да. Сөйтіп, Мұстафа Шоқай армандап, Венгриялық Эштван Қоңыр Мандоки жалғастырған «Тұтас Түркістан» идеясы сағым күйінде қала берді... (М. Шоқай екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында, Қ. Мандоки Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардың басында өте құпия жағдайда өлтірілді).

Кеңес кезіндегі баланың өзін-өзі тәрбиелеуіне келсек, кез-келген ауыл баласы тілі шыға салысымен бірінші кезекте әке-шешенің демеуімен үй тіршілігіне араласып кететін. «Тұңғыш бала» деп ат қойылған бірінші бала кейінгілеріне үлгі болуға және соларды әке-шешесімен бірге тәрбиелеуге міндеттелетін. Егер атасы мен әжесі әлі жанұя ортасында жүрсе, жаңағы тұңғыш баланы солар қамқорлығына алып, мейлінше үлкен кісінің кейпінде тәрбиелейтін. Өсе келе әлгі «тұңғыш», әке мен шешенің нағыз көмекшілеріне айналып, жан ұядағы қиындықтардың тігісін жатқызып, оны тіпті білдірмей жіберетін. Тетелес болғандықтан, кіші балалар үшін өзінен үлкеннің айтқан сөзі әке мен шешенің жекіп айтқанына қарағанда құлақтарына майдай жағып, олардың тапсырмаларын тапжылтпай орындауға тырысатын. Сөйтіп, баланың жасына қарай байқалмаған күйінде үйлесімділігімен ерекшеленетін мұндай эстафета, үздіксіз жалғаса беретін. Тұңғыш бала мектепке де ерте барып, ондағы көргендері мен оқығандарын кіші бауырларына жеткізіп, оларды тағы да өзіне баурап алатын. Кішілер енді үлкедер сияқты мектепке барғысы келіп, үлкені жазу жазса, ол да қағаз қалам алып бірдеңені шимайлап, сабақ оқыған болып әлде не туралы күбірлеп, ән айтқан болып шикылдап, сурет салып мәз болып тезірек мектепке жетуге асығатын. Ол енді үй жұмысымен қатар білім алуға көшіп, тәрбиешілердің қалың ортасына түскеннен кейін өз жауапкершілігін арттыруға кірісетін. Солай болса да ол енді бәрібір, өз уақытының 80%-ын үй жұмысына арнайтын. Өйткені ауылдық жердегі үйдің жұмысы бастан асады. Әке болса, күні бойы колхоздың немесе совхоздың жұмысынан, қала берді мектеп пен аурухана төңрегінен шыға алмаса, негізінен көп балалы болып келетін шеше, үйдің тірлігінен босай қойған жоқ. Осы аралықтағы балалар болса, үйдің қосалқы жұмыстарының бәрін тындыратын. Ал ондай жұмыстың қайсысы болса да болашақ қоғамдық еңбекке тартылудың таптырмас мектебі іспеттес болатын. Осындай мектептен өткен ұл балалардың көпшілігі әскерде одан әрі шыңдалып, қоғамдық өмірге еркін араласып кететін. Дегенмен, бүгінгі шындық сол, бұрынғы және қазіргі қоғам қайраткерлері мен белді-беделді деген тұлғалы адамдардың бәрі дерлік өтіп келген ауыл мектебіндегі өмірінің құр сұлбесі ғана қалды.

Қазір ауылдан қалаға ағылудың өзіндік жақсылығымен бірге келеңсіздікке ұрынуы көбеюде және бұл барған сайын аса қауіпті болып барады. Бұның бәрі ауылдан қалаға көшіп, орын ауыстырудың салдарынан, рухани жұтандық пен жоқшылықтан және өмір сүрудің бәсекесіне төтеп бере алмаған суитцизмнен, сондай-ақ имндылықтан ауытқыған оғаш діни ағымдарға еліктеуден туындап отыр. Осы арадағы ауылдан қалаға орын ауыстыруға келсек, бұл «Қосылғыштардың орны ауысқанмен қосынды өзгермейді» дегенге келмейді. Өйткені қаланың тірлігі мүлде бөлек. Қазір 70-ші жылдары дүниеге келіп, ауыл ділімен тәрбиеленген балалар, жаппай қалаға келіп орналасқаннан кейін 90-шы жылдары от басын құрып, өзінше жанұя болып, алды немере сүйіп отыр. Өкінішке орай, әлгілердің баласы мен немересі биліктің бүгінгі жеткен үлгісі бойынша қала тәрбиесімен орыс тіліне еліктеп өсіп келеді. Олар болса, сағыныш сезімі болмағасын ауылға баруға да мүлде құлықсыз. Бара қалса, оның асты-үстіне түсетін ауылдағы ата-әжесінің көңіл күйі жоқ. Айналып келгенде бүгінгі қалада өсіп жатқан жас балалар есіктен шыға берістегі авласында жыл онекі ай бойы орыс тілінен басқа ештеңе үйреніп отырған жоқ. Өйткені оларға одан өзге қызық та жоқ. Әрі-беріден соң олар, үйіндегі бейне экраннан өздерінің психикасына жақын келетін орыс тіліндегі қойылымдарды ғана тамашалап, орыс тілін одан әрі оп-оңай игеруге қол жеткізіп жүр. Ал жекелік зәулім үйде тұруға қазақтың бәрінің бірдей қолы жеткен жоқ. Жеткендерінің балалары мектепке барғаннан кейін үзіліс кезінде бәрібір орысша сөйлеп, мектеп бітіргеннен кейінгі өмірінде бәріне ортақ деп есептелетін орыс тілін таңдап жүр. Осыдан кейін Ресей президенті В.Путин: «Қазақстан-орыс тіліндегі мемлекет» десе, бұған таңданудың да ренжудің де еш қисыны жоқ. Өйткені, 30 жыл ішіндегі Қазақстанның ең «жоғары жетістігі» қазақ тілін дамыту емес, осы құрдымға жіберу ғана болды. Ал сол 30 жыл ішінде қайта-қайта ауысқан жиырмаға жуық білім министрлері оқытудағы «еуропалық басайналудан» естерін жия алмай қалды да, білімнің сапасы мен баланың санасы бір-бірімен сәйкес келмей, дұрдараз күйге түсіп отырмыз. Демек бүгінде, ауылдық қазақы тұрмыс пен ауылмен тікелей байланысты өз қолымызбен үзіліп алдық деген сөз. Бұндай жағдайда балаға ауыл өмірін айтып қызықтырғанмен ештеңе шықпайды. Болар іс болып қойды. Енді көнсең де көнбесең де бірер жылдан соң жаңағы немере, орыс тілінде сөйлейтін таза қалалық болмасына ешқандай тосқауыл жоқ. Бұл-біріншіден. Қала ауласынан кейінгі баланы қарсы алдында рухани жұтандықтың екінші кезеңі күтіп алғалы тұр. Ал рухани жұтандық деп отырғанымыздың негізі-биліктегілердің қазақ тілінің өрісін тарылтуына келіп тірелді. Шын мәнінде олар, қазақ тілінің мемлекеттік мәніне нұқсан келтіріп, оны биліктің тіліне айналдырудан жалтарып, біртіндеп әлемдік тілге көтере алмады; Тіпті халық қалаулыларының соңғы ант беру рәсімінде мемлекеттік тілді әжауға айналдырып, кейінгі жұмыстарында екі сөздің басын қоса алмай жүрсе, мұндай пиғылдардың бәрі қазақ тілді қауымның намысына тиіп, өзінен-өзі қорланды; Бұған қосымша, атқарушы биліктегілердің көбінің көгілдір экранда сөйлеген қазақ тіліне қатысты мүсәпір күйін көрген әрбір ұлтжанды адам, ішкен асын жерге қойып жүргені жасырын емес. Әсіресе, өз еркіндігімізді алып, ешкімге тәуелді емеспіз дегенге сенген ауылдың қазақша жақсы білетін жастар жағы сол бір жасандылықты көріп, 30 жыл бойы бұйығып, әлде неден тартынып, ашыла алтай тіксініп өмір сүріп келді де, биылғы жылдың 5-ші қаңтарында жандап бас, жалаңаш қолымен биліктегілерге тағы да қарсы шықты. Оны басқа елдер мен өз ішімізде алдын ала даярланған террористер мен бұзақылар дереу пайдаланған тұста, кінәлі бәрібір көшеге бірінші болып шыққан қазақ тілінде мүдірмей сөйлейтін ауыл балалары болайын деп тұр. Бұл-айна қатасыздықтан болған арандатудың алдын алу емес. Бұның артында жаппай шетелге қашқан элементтер мен оларды шығарып салған өз ішімізде қалған арам пиғылдағы жағымпаздар мен жалмауыздардың, алаяқтар мен ақымақтардың болуы әбден мүмкін. Демек, мәселенің рухани жағынан шайқалуы, көпе-көрнеу мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін босаңсытуға қатысты болып тұрғаны айдан анық. Бұл-мәселенің екінші жағы; Үшіншіден, ауыл балаларының осы жолғы көтерілуі-жоқшылықтан туындап отыр. Қазір ауылдан қалаға жұмыс істеп келген жастарды былай қойғанда, жоғары оқу орындарында оқып жүрген

студенттердің екеуінің біреуі қосымша жұмыс істеп күнін көріп жүргені ешкімге жасырын емес. Сонда, түнімен жұмыс істеп, сабаққа даярлана алмай қалғып-мүлгіп жүріп білім алған бала, қандай білікті маман болып шықпақшы және олар кейін кімдерге үлгі болып, қандай адамдарды тәрбиелеп шығарады?! Бұның бәрі баланың әке-шешелерінің жұмыссыздықтан кедейленіп, баласына қарайласуына жағдайының жоқтығынан болып отырғаны ащы да болса, шындық. Қалаға орын теуіп, әр түрлі жымысқылықпен байлыққа қолы жеткендердің балаларының шалқып өмір сүріп жатқанын көрген ауылдың кедейінің баласы, қайткенде өз қатарынан кем болмау жағын ойлайды. Өзінен қабілеті төмен замандасының астамшылығын көрген олар, қандай тәуекелге де баруға даяр. Олар кез-келген азғыру мен арандатуға, алдап-арбауға ұрынып, өз тағдырларына нұқсан келтіріп жүр. Өмірдің бұндай заңдылығымен санаспау-көксоқырлықты білдірсе керек. Төртіншіден, не бір талантты балалардың бай адамдардың бәсекесіне төтеп бере алмай, өзіне-өзі қол жұмсау дегенді бұрын білмейтінбіз. Қазір мұндай дағды жаппай әдетке айналып, болашағынан үміт күтетін алғыр балалардан айрылып қалып жатырмыз. Жоқшылық, бұл не бір тәуекелге жетелейді. Тіпті, суицизмге апаратын діни ағымдарға да қалай кіріп кеткенін байқамай, терроризм мен лаңкестікке бой алдырушылардың бөлігі осы жоқшылықтан барып көбейіп отыр. Осының бәрі қазақша сөйлеуден қашып, бабалардан қалған таңғажайып тәрбиелерден қол үзуде болып тұр. Сондықтан, әл-Фарабидің тіл қадірін жаңғыртып, Ахмет Байтұрсынұлы айтқан сөздің шырайлы мен ажарын арттыратын ойдың шеберлігі және ұнамды, орынды, дәмді сыншылық болмаса, мағыналы, маңызды деп жүрген білімнен де айырылып қалуымыз мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы // Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. - 19 қазан, 2005 жыл. - 112 бет, Алматы қ.
2. Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б. Жарыкбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. - С.80.
3. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. -73 бет.
4. Копенова Р.Н. Возвращение имени. - Алматы: Рауан, 1996. - С.6.
5. Талас Омарбеков. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. - 93 бет.
6. Бұл да сонда, 94 бет.

ӘОЖ 82.1.9

<https://doi.org/10.53355/s3554-1756-2856-r>

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ЖОЛДАРЫ

Демеугалиева А., 1 курс магистранты

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: demeugaliyeva97@mail.ru

Мақалада қазақ әдебиетіндегі шешендік өнердің алатын орны мен оқытудың оңтайлы жолдары қарастырылды.

Тірек сөздер: *шешендік өнерді оқыту, оңтайландыру технологиялары, педагогикалық технологиялар*

В статье рассмотрено место ораторского искусства в казахской литературе и оптимальные пути обучения.

Ключевые слова: *обучение ораторскому искусству, технологии оптимизации, педагогические технологии.*